

Курсанттарды дербес бөлу комиссиясының отырысы өтті

Кеше ғана буындары әлі қата қоймаған жас бозбалалар алашқа аты машһур Академияның табалдырығын аттаған еді. Енді міне, арада 4 жыл да зулай өте шығып, жоғары оқу орнын аяқтағалы тұр...

Кешегі бозбалалар үшін бүгінгі өздері таңдаған маман иесі атануға санаулы күндер ғана қалды. Ауыры мен жеңілі, қорқынышы мен қызығы бірге жүретін ішкі істер органдарының қызметі олар үшін кешегі армандары еді. Ал бүгін, сол арманға біртабан қол жеткізгендей қуанышты сезіммен дербес бөлу комиссиясының отырысына келді. Нақтырақ айтқанда осы жақында ғана Қазақстан Республикасы Ішкі істер



министрлігі Қабылбаев Қостанай академиясында биылғы жылы оқу бітіретін түлектерді дербес бөлу комиссиясының отырысы өтті. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен келген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты ішкі істер департаментінің және қылмыстық-атқару жүйесі

Шырақбек атындағы Қостанай академиясында биылғы жылы оқу бітіретін түлектерді дербес бөлу комиссиясының отырысы өтті. Ресми жиынды Академияның бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов ашып, барлық жиынға қатысушыларды қысқаша хабардар етті. Биыл Академияны

201 курсант тәмәмдағалы отыр. Оның ішінде Тәжікстан және Қырғызстан Республикасынан келген азаматтар бар.

Осы 201 курсанттың ішінен 15 курсант үздік диплом иесіне үміткер.

Жиында кейбір курсанттар сұрақтар қойып, өздерін толғандырып жүрген сауалдарына қанағаттанарлық жауаптар алды.

Жалпы алғанда, жылдағы дәстүрмен ұйымдастырылатын дербес бөлу комиссиясының отырысы жақсы деңгейде өтті.

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының баспасөз қызметі

«Мүлдем төзбеушілік»

арқылы қоғамды белсендендіру

Қоғамда ұсақ тәртіп бұзушылыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру қоғамдық қауіпсіздікті нығайту мен қылмыстың алдын алудағы маңызды қадам.

«Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясына сәйкес, қоғам мен мемлекеттік органдар тәртіпсіздікке «мүлдем төзбеушілік» принципі қолдануға бағдарланған.

Айта кетер жайт, ұсақ тәртіпсіздікке төзімділік таныту қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, қылмыспен күресу және жалпы алғанда қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты сақтау үшін жасалатын маңызды қадамдардың бірі.

Құсмұрын ст. Желілік полиция бөлімшесі осы бағытта команда қалыптастыру бойынша бірқатар профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Мәселен, жақында биылғы қаңтар айында Құсмұрын ст. ЖПБ қызметкерлері теміржол ұйымдарының ұжымдары мен мектеп оқушылары арасында профилактикалық әңгімелесулер, дәрістер, сабақтар өткізді.

Аталмыш іс-шаралар барысында оқушылар мен ұйым ұжымдарына «мүлдем төзбеушілік» қағидаттары түсіндірілді. Сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заң нормалары қарастырылды және осы нормаларды бұзуға байланысты көзделген жауаптылықтың түрлері мен қолданылатын санкциялары жұрт назарларына жеткізілді. Қызығушылық білдірген тұлғаларға буклеттер мен ескертпелер таратылды.

Ерлан ЕЛУКЕНОВ, Құсмұрын ст. ЖПБ бастығы полиция аға лейтенанты

Өткен жылғы жұмысымыз нәтижелі

Теміржол және өуе көлігі объектілерінде ұсақ құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздікке «мүлдем төзбеушілік» жөніндегі бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар өндіріп алу жұмысын ұйымдастыру бойынша 2016 жылдың 12 айында не тындырылды? Осы жайында кеңінен тоқтала кетуді жөн көріп отырымын.

Мемлекет басшысының қоғамда құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында құқық қорғау және мемлекеттік органдары үкіметтік емес ұйымдарымен бірлесіп кең ауқымды жұмыс жүргізіп жатқандығы белгілі.

Мәселен, осы мақсатта Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де БАҚ-тың қатысуымен азаматтардың құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған шаралар қолданылып келеді. Теміржол вокзалдарында дауыс зорайтқыш арқылы, жолаушылар поезддарында радиорубка арқылы профилактикалық сипатындағы жазбалар таратылады.

Қостанай станциясындағы теміржол вокзалы қызмет көрсету учаскесінде жедел жағдайды тұрақтандыру және қылмыстарға жол бермеу мақсатында 27 бейнебақылау камерасы орнатылды, олардың 14 сыртқы, 13 ғимарат ішінде орнатылған. Қостанай қаласы әуежайында – 49 бейнекамера, олардың 33-і телеарна жүйесінен, барлық бейнебақылау камералары жазу үшін компьютердің қатты дискісіне шығарылған, 3 негізгі камера қоғамдық жерлерде - күту залында және Қостанай облысы ІІД ЖБО-ға қосылған.

Аптаның әр сәрсенбісі профилактика күні болып саналады. Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлері әр сәрсенбі күні теміржол және авиа ұйымдары, Қостанай көлік прокуратурасы және «Нұр Отан» партиясы өкілдерімен бірге рейдтік іс-шаралар өткізеді, халықпен жиындар, теміржол және авиа ұйымдарымен кездесулер ұйымдастырылып, оқу орындарында дәрістер өткізіледі.

Былтырғы жылы құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру және халықтың құқықтық санасын жоғарылату үшін теміржол көлігі объектілерінде 117 әңгіме жүргізілді, сол сияқты мектептерде және басқа да оқу орындарында - 71, теміржол ұйымдарында - 46, жұмыс ұжымдарында -17 және халықпен 26 жиын өткізілді.

Жыл бойына жолаушылар поезддарында 56 «темір жол бойындағы кездесулер» ұйымдастырылды, олардың ішінден «Нұр Отан» партиясының, Қостанай көлік прокуратурасының өкілдерімен бірге 26

кездесу өткізілді.

130 рейдтік іс-шара жүргізілді, тұрғындармен, мектеп оқушыларымен балалар мен ересектердің темір жолға жақын жерлерде жүру барысында сақтандыру шаралары туралы әңгімелер жүргізіледі, КТБОО-ға (кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына) – 12, (2015 жылы-11) кәмелетке толмаған жеткіншек орналастырылды.

Теміржол ұйымдары мен кәсіпорындарының жұмыскерлерінің, кәмелетке толмағандардың қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауы, сондай-ақ шұғыл тежеу қолдану және азаматтардың жылжымалы құрамнан жарақат алу фактілері бойынша кінәлі лауазымдық тұлғаларға қатысты себеп пен салдарын жою үшін ұсынымдар жіберіледі. Аталған кезеңде заңдылықты бұзуды жою жөнінде 32 ұсыным жолданды, олардың 27- не жауап қайтарылды.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ және ҚКПТ қызметкерлері билет кассирлерімен бірге Қазақстан Республикасы аумағында шетелдік азаматтарының болу ережелері мәселелері бойынша ұдайы жұмыс кездесулерін өткізеді. Заңсыз көші-қонды ескерту мақсатында «Жолаушылар тасымалы» АҚ филиалы қызметкерлерімен «Халықтың көші - қоны туралы», «Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан шығу» туралы сабақтары өткізіледі.

БАҚ саласы бойынша: республикалық телеарналардан - 12, жергілікті ТА -14, баспасөзде -62 (жергілікті басылымдар –40, республикалық басылымдарда («Сақшы», «На страже») – 6) материал жарыққа шықты. Халықпен 25 кездесу өткізілді, 2015 жылы 13 жиын өткізілген болатын.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ ӘПБ, ЖПБ қызметкерлерімен темір жол және авиакәсіпорындарының персоналымен теміржол көлігі объектілерінде иесі жоқ заттардың қалдырылуын анықтау барысында полиция қызметкерлерін ақпараттандыру және қырағы болуына ұдайы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Бөтеннің мүлкін ұрлауды ескерту мақсатында жолаушылар поезддарында, Қостанай, Тобыл, Жаркөл, Железородная, Аманқарағай, Сарыкөл, станцияларындағы теміржол вокзалдарындағы күту залдарында және Қостанай қаласы Әуежайында өз мүлкіне ұқыпты қарау және жүкті қараусыз қалдырмау туралы азаматтарды дауысзорайтқыш арқылы хабарландыру жазбалары жаңартылды.

Өткен жылы Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызмет көрсету учаскесінде «Жасөспірім – Заң - Қауіпсіздік», «Қадағалаусыз жасөспірім», «Абайлаңыз, поезд!», «Еңбекпен қамту» акциялары өткізілді, онда жасөспірімдер қылмыстарынан сақтандыру және

профилактика бойынша мақсатты жұмыс жүргізіледі, олар БАҚ-та кеңінен жарияланады.

Күнсайынстатистикалыққарточкаларды дұрыс және уақтылы толтыру бойынша СДТБТ мониторинг жүргізіледі, әсіресе қылмыс жасаудың қоғамдық орнын көрсету бойынша, сондай-ақ, қылмыс жасаған тұлға мен жолаушыдан басқа орны мен вагон түрі және рейс нөмірі көрсетіледі.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ қызметкерлерімен әкімшілік айыппұлдарды 100% қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданылды.

Өтен жылы Қостанай станциясындағы ІІЖБ ӘПБ қызметкерлерімен әкімшілік жауапкершілікке 2040 адам қатыстырылды, олардан жалпы сомасы 1917352 теңгеге айыппұл салынды, олардан сомасы 933272 теңгеге 120 өз еркімен өндіріп алынды, сомасы 178164 теңгеге мәжбүрлеу арқылы -19, сомасы 752955 теңгеге 70 өндіріп алынбады. Мәжбүрлеу түрінде орындау үшін жеке сот орындаушылардың аймақтық палатасына жалпы сомасы 814464 теңгеге әкімшілік айыппұлдарды салу туралы 72 қаулы жолданды.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ ӘПБ қызметкерлері Қостанай көлік прокуратурасының өкілдерімен бірге борышкерлер тұратын орындары бойынша рейдтік іс-шараларын өткізеді. Былтырғы жылы 15 рейдтік іс-шара өткізілді.

Есепті кезеңде (өткен жылы) әкімшілік жауапкершілікке 2040 азамат тартылды, олардың ішінде:

- ҚР ӘҚБтК-нің 434- бабы бойынша (ұсақ бұзақылық) - 129 (олардың ішінде ортақ пайдаланылатын жерлерді ластағаны үшін - 74); ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы бойынша (алкогольдік ішімдіктер ішкені үшін) - 135; ҚР ӘҚБтК-нің 441-бабы бойынша (бөлек қоғамдық орындарында темекі шегуге тыйым салу) - 24; ҚР ӘҚБтК-нің 559-бабының 5 бөлігі бойынша (темір жолдарын белгіленбеген жерлерден өту) - 1415; ҚР ӘҚБтК-нің 204-бабы бойынша (белгіленбеген жерлерде сату) - 40; ҚР ӘҚБтК-нің 449-бабы бойынша (қоғамдық орындарында мазалау) - 15; ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабы бойынша (кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз тұрғын жайлардан тыс жерлерде жүруі) - 48; ҚР ӘҚБтК-нің басқа баптары бойынша - 234.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мәселесін ұдайы бақылауында ұстайды, Қостанай станциясындағы ІІЖБ барлық қызмет және бөлініс бастықтары бағынысты бөліністерінде сыбайлас жемқорлыққа күрес жүргізу жұмысының жағдайы туралы жеке ескертілген.

Е. СУЛЕЙМЕНОВ, Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі

Сержан Ораловтың ерлігі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 382 Жарғысына сәйкес заңдылық және құқық тәртібін қамтамасыз ету кезінде көрсеткен ерлігі және өз әскери және қызметтік борышын риясыз орындағаны үшін қаланың № 1 арнайы жасағының өрт сөндіруші-құтқарушысы, азаматтық қорғау сержаны Марат Ораловқа «Ерлігі үшін» медалі тапсырылды.



Ол күн Марат Ораловтың есінде мәңгіге сақталады. 2016 жылдың 15 ақпанында 13 сағат 58 минутта Рудный қаласының № 1 арнайы жасағының байланыс бекетіне № 1 халыққа қызмет көрсету орталығында өрт басталғаны туралы хабарлама түсті. Шақыру орнына келгеннен кейін, ХҚҚО ғимаратының төртінші қабатында ағаштан жасалған жиһаз өртеніп жатқаны анықталды, осының салдарынан қабат және баспалдақ торы түтінге толы болды. Осыған байланысты жағдай шиеленісіп, адамдарды қауіпсіз жерге шығару мүмкін болмады. ХҚҚО-ның қызметкері осы сәтте 4-ші қабатта өрт сөндірушілердің көмегіне мұқтаж болды, осындай сәттерде уақыттың әр секунды алтынға тең. Қалыптасқан жағдай бойынша адамдарды терезеден шығару шешімі қабылданды, өрт сөндірушілер үш жақты баспалдақ орнатып, Марат Оралов бірінші болып өртеніп жатқан қабатқа көтеріліп, зардап шеккен екі ер адамды құтқарды. Оларды қауіпсіз жаққа апарып, олардың өміріне қауіп төңбейтінін анықтап, өртенген ғимаратқа қайта барып төменгі қабаттардағы зардап шеккендерді құтқаруға кірісті.

Өрт сөндіру барысында Рудный қаласының №1 АЖ өрт сөндірушілердің бірлескен іс-әрекетінің арқасында 2 адам құтқарылды, 53 адам қауіпсіз жерге жеткізілген.

Марат Оралов азаматтық қорғау органдарында 2008 жылдың қазанынан бастап қызмет атқарады. Қызмет уақыты барысында білікті, жауапты маман ретінде көрсетті. Жұмыс уақыты ішінде ірі және күрделі өрттерді сөндіруге қатысты. Мараттың өзі сол күні өз қауіпсіздігі туралы мүлдем ойламағаны туралы айтады, осындай жағдайлар болған кезде шұғыл ойлап, батыл, шыдамды адамдар қажет. Қазіргі уақытта Марат Рудный қаласының № 1 ҚЖ қызмет атқаруды және әріптестерімен бірге отқа қарсы күресті жалғастыруда.

Қостанай облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Академиядағы спектакль

немесе «Әке жолы» қойылымынан ойымызға не түйдік...

Театр – бұл қоғамдағы болып жатқан жайттарды сахнаға шығаратын, көрермендерге салмақты ой салатын мәдениетті ошақ. Қойылған қойылымды, ойнаған рөлін сәтті орындаған әртіс халықтың көңілінен шығатыны баршамызға аян.



айналдырған.

Жалпы академияның ұжымы облыс орталығында орналасқан облыстық І. Омаров атындағы қазақ драма театрына және орыс драма театрына, Е. Әмірзақов атындағы филармонияға және басқа да мәдениетті орындарға барып тұруды ешқашан ұмыт қалдырмайды.

Ал бүгінгі қалам тербеуіме себеп болып отырған жәйт, Академияның акт залында көпшілікке ұсынылып, көрсетілген электронды спектакль.

Аталмыш сахналық қойылым ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Астана қаласы ІІД қызметкерлерінің қатысуымен өтетін «Әке жолы» атты спектакль болатын. Бұл қойылымды академия ұжымы курсанттармен бірге отырып көрді. Қойылымның ерекшелігі - Академия сахнасында әртістер келіп ойнаған жоқ, тек олардың сахналық өнерін экран арқылы тамашалады.

Енді көрсетілген спектакльдің

қысқаша мазмұнына тоқтала кеткен жөн болар.

Спектакльдің негізіне ішкі істер органдары қызметкерлері Әділ (әкесі) мен Қайсардың (баласы) жасаған ерлік әрекеттері енгізілген.

Жас жігіт Әділ Ауғанстанда кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамында қызмет атқару кезінде жарақат алған.

Әскерден оралысымен Ішкі істер органдарына қызметке орналасады. Келіп түскен шұғыл шақырту бойынша жедел топқа басшылық жасап шығып, қылмыскерді ұстау барысында бас кейіпкер қылмыскердің қолынан қаза табады.

Әділдің ұлы Қайсар анасының қарсы болуына қарамастан, әкесінің жолын жалғастырады.

Қайсар ІІО бөліністерінің бірінде қызмет атқару кезінде ұйымдасқан қылмыстық топты ұстау бойынша жедел іс-шараларды өткізу барысында, өз өмірін қатерге тігіп, қауіпті рецидивистердің қылмыстық

әрекеттерінің алдын алып, бас бостандығынан айыру орындарынан қашып кеткен, бұрын әкесін өлтірген ұйымдасқан топ жетекшісі қолға түсіреді.

Ерлікпен батылдық танытқаны үшін Қайсар мемлекеттік наградаға ұсынылады.

Міне, осындай мазмұнда сомдалған спектакль көрерменнің жүрегінен жақын орын ала білді.

Бойында кәсіби әртістік өнері болмаса да әкенің рөлін сомдаған полиция аға лейтенанты Ж. Өтегенов, баланың образын аша білген полиция аға лейтенанты Ж. Болатбек сахна төрін өзіне бағындыра білді. Бұлардың өнеріне тәнті болған академиялықтар ду қол шапалақтап қошемет көрсетті.

Аталмыш қойылымды өмірге әкелген, идея авторы Астана қаласы ІІД бастығы полиция генерал-майоры А.А. Әубәкіров генералға тән ерлік жасай білді.

Керемет қойылымды экраннан тамашалаған академиялықтар спектакльге оң бағасын беріп, ендігі уақытта әртістерді шынайы көріп, гүл шоқтарын бергісі келгендерін де жасырмай, жақсы көңі- күймен тарқасты.

Осы қойылымнан кейін біз «адамның жасағанын адам жасайды» демекші, біздің академия курсанттары неге осындай спектакльді өмірге әкелмесе деген жақсы ой түйдік. Олоймызды, әрине, болашақтың еншісіне қалдыралық...

Мейрам ОСПАНОВ

Теміржол бойындағы кездесу

Теміржол көлігінде балалардың жарақат алуын, құқық бұзушылықтардың және қылмыстардың алдын алу және көлік полициясының жұмысы туралы қоғамдық пікірді зерделеу мақсатында Көліктегі ІІД Қостанай ст. ІІЖ қызмет көрсету учаскесінде жолаушылар поездарында азаматтармен кездесу жүргізіледі.

Мәселен, ағымдағы жылғы 13 қаңтарда Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің ЮПТ-ның учаскелік полициясы инспекторы полиция капитаны Э. Нарбасова Қостанай көлік аймағы бойынша құқықтық статистика және арнайы есептер саласында заңдылықты қадағалау бойынша аға прокуроры 2-дәрежелі заңгер Н.М. Курышовпен, аталған поездың бастығы Е.Ж. Тлеубереновпен бірге «Атырау - Астана» бағытындағы №47/48 жолаушылар поезында кездесу өткізді.

Аталған профилактикалық іс-шарасының шеңберінде жолаушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді, онда жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, келеңсіз жәйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру нарядына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес берілді, сондай-ақ, Қостанай станциясындағы ІІЖБ әкімшілік полиция қызметкерлері Елбасының қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру бойынша тапсырмасын қосымша еске салып, балалармен бара жатқан жолаушыларға теміржол бойында жүру ережелеріне назар аударды.

Жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар үлестірілді.

Жолаушылар поезында азаматтарды қабылдау барысында қылмыстар, оқиғалар, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар келіп түскен жоқ.

Қостанай ст. ІІЖБ Әкімшілік полиция бөлімшесі

СОТ ЗАЛЫНАН

Нигерия азаматы әкімшілік жауапкершілікке тартылды

Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында ҚР ӘҚБтК 517-бабының 6-бөлігі (шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы) бойынша айыпталған 23 жастағы Нигерия азаматы М-ға қатысты әкімшілік іс қаралды.

Іс материалдары бойынша, биылғы жылдың 5 қаңтарында Қостанайда шетелдік азамат тіркелу кезінде көші-қон қортоқпасына қойылған мерзім өткеннен кейін қайта тіркеуден өтпеген. Бұл оның соңғы бір жылда екінші әкімшілік құқық бұзушылыққа жол беруі.

Сот отырысы барысында азамат М. өз кінәсін толығымен мойындады. Сот қауылысымен азамат М-ға 15 АЕК көлемінде, яғни, 34035 теңге мемлекет пайдасына айыппұл салынды.

Жауаптылықты жеңілдететін мән-жайларды ескере келе сот ҚР ӘҚБтК 819-бабы 2-бөлігін қолдана отырып айыппұл мөлшерін 30 пайызға азайтты.

Ұйымдасқан топқа қамқорлық жасаған

Есірткі саудасы бойынша ұйымдасқан қылмыстық топ әрекетіне қамқорлық жасады деп айыпталған полиция қызметкеріне қатысты сот үкімі шықты.

Нақтырақ айтсақ, Қостанай қаласының №2 сотына ҚР ҚК-нің 307-бабы 4-бөлігімен

(қызметтік лауазымын асыра пайдалану) қарастырылған (16.07.1997 жылғы редакцияда) қылмыстық істе айыпталған Қостанай қалалық ішкі істер басқармасының Оңтүстік полиция бөлімінің төтен уәкілі, полиция лейтенанты 1987 жылы туған Жарас Байтұрсыновқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімі шығарылды.

Іс материалдары бойынша, 2011-2012 жылдар аралығында ұйымдасқан қылмыстық топ мүшесі болмаса да Б. бүгінде бас бостандықтарынан айырылған Алевтина Петренко, Надежда Киселева мен Резида Асылбаева әрекеттерін, топтың басшылық бағанасын, заңсыз есірткі саудасын жүргізу әдістерін егжей-тегжейлі білген.

Нақтырақ, бұрынғы полиция қызметкері қызметтік лауазымын асыра пайдаланып қылмыскерлердің қалада аса ірі көлемде героин өткізуіне ықпал еткен. Осылайша ол сыбайлас жемқорлық әрекетін жасаған. Қылмыстық топқа көрсеткен қамқорлығы үшін ол тұрақты түрде топ басшыларынан ақшалай және героин түрінде сайақы алып отырған.

Сот үкімімен Ж.Байтұрсынов қылмыстық әрекетте айыпты деп танылып, оған 3 жыл 9 ай бас бостандығынан айыру, 7 жыл мерзімге құқық қорғау органдарында жұмыс істеу құқығынан айырып мүлкін тәркілеу жазасы тағайындалды. Сонымен қатар ол полиция лейтенанты арнайы шенінен айырылды.

Облыстық сот әкімшілік сот қаулысын жойды

Жуырда Қостанай облыстық соты «Мега» ЖШС-нің және әкімшілік жауапкершілікке тартылған 1950 жылы туған М. Мүкімбеков адвокатының Қостанай қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының қаулысына келтірген шағымын қарады.

Еске салар болсақ, бірінші сатылы сот қаулысымен 2016 жылдың 9 қарашасында түнгі сағат 2 шамасында «Lexus Lx570» автокөлігін басқарған М. Мүкімбеков Қостанайдағы ІІМ академиясы маңында Арыстанбеков көшесінің бойында жүру жылдамдығын арттырып жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қазылған орға құлап, «Мега» ЖШС-не материалдық залал келтірді деп танылған болатын.

Сот оны ҚР ӘҚБтК 610-бабы 1-бөлігі бойынша (көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, көлік құралдарының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне әкеп соққан бұзушылығы) әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оған 10 АЕК, яғни 21210 теңге айыппұл салу жазасына тартқан болатын.

Апелляциялық шағымында «Мега» ЖШС өкілі әкімшілік сот қаулысын жойып, істің анық-қанығын анықтап, нақты құқық бұзушыны жауапкершілікке тарту үшін материалды ІІМ-ге жолдауды сұраған. Ал М. Мүкімбековтің адвокаты өз кезегінде қаулыны жойып, Мүкімбековты жауапкершіліктен басатуды сұраған. Адвокаттың мәлімдеуінше, орын алған жол-көлік оқиғасына жолда жөндеу жұмыстарын жүргізген серіктестік айыпты. Себебі ол орды қауіпсіз айналып өтуге қатысты қауіпсіздік шараларын жөнді сақтамаған.

Алайда апелляциялық сотында М.Мүкімбеков тарапының айтқан уәжі өз дәлелін таппады. Іс материалдарындағы жол-көлік оқиғасының сызбасына және фотосуреттеріне сәйкес, Абай даңғылы жағынан Арыстанбеков көшесіндегі жүру жол толығымен ор қазылуына орай жабық болған. Сонымен қатар, «Въезд запрещен», «Дорожные работы» жазбалары бар үш метрлік шартқа қойылған. Бұған қоса, оқиға

орнында болған және көлік ішіндегі жас жігіттерді шығаруға көмек көрсеткен куәгерлер дәлелдемесі оқиға орнында М. Мүкімбековтің болғанын толығымен жоққа шығарады. Медициналық куәландыру қорытындысы көлікте болған жігіттердің алкогольдік мас күйде болғанын көрсеткен. Ал жедел басқару орталығында жазылған бейнебақылау жазбасында оқиға орнында болған тұлғалар арасында М. Мүкімбековтың болмағандығын көрсетіп отыр.

Істі қарау нәтижесі бойынша облыстық сот бірінші инстанция қаулысын жойып, жаңа қаулы шығарды. Мүкімбековке қатысты әкімшілік іс оның әрекетінде құқық бұзушылықтың болмауына орай тоқтатылды. Сондай-ақ сот қаулы негізінде ІІБ-ін жол-көлік оқиғасына нақты кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тартуға міндеттеді.

Бұған қоса, Мүкімбековке қатысты әкімшілік іс өндірісі кезінде Қостанай қаласы ІІБ қызметкерлері тарапынан жіберілген заңнаманы дәрежі бұзу фактілеріне орай шара қолдану үшін Қостанай облыстық ІІД-ге жеке қаулы шығарылды.

Аталған әкімшілік іс қоғамдық резонансқа ие болып, қоғам құқық қорғау органдары қызметкерлері мен сотты жаңылыстыруға көзделген М. Мүкімбековтің әрекетін талқылаған болатын. Осыған орай, «Қостанай қазіргі заманғы әмбебап колледжі» жеке мекеме басшысы болып табылатын М. Мүкімбековтің әрекетіне шара қолданылып, оны Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 45-бабы 3-бөлігі 6-тармағымен қарастырылған жауапкершілікке тарту туралы хат Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жолданды.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru